

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктерінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 1878 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктерінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің жауапты хатшысы Жеңіс Махмұдұлы Қасымбекке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктерінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы келісімге қол қоюға
ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 8

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 8 7 8

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктерінің және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктерінің тасымалына қолайлы тарифтік жағдайлар жасау туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігі кәсіпорындарының, мекемелері
мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді
н е г і з г е а л а о т ы р ы п ,

1996 жылғы 18 қазандағы Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен келісілген,
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігінде
келісілген тарифтік саясат белгілеу тұжырымдамасын және 1993 жылғы 17 ақпанда қол
қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол
әкімшіліктерінің (темір жолдар) тарифтік келісімін басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Ресей жүктерінің және Ресей
Федерациясының аумағы арқылы Қазақстан жүктерінің тасымалдары үшін қолайлы
тарифтік жағдайлар жасау жөніндегі үйлестірілген іс-қимылдарды жүзеге асыруды
м а қ с а т е т е о т ы р ы п ,

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының көлік әлеуетін пайдалану
тиімділігін арттыруға ұмтыла отырып,

Тараптар мемлекеттері қабылдайтын бірыңғай кеден аумағын құру және кеден
одағын қалыптастыру жөніндегі шараларды ескере отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының темір жолдары
арқылы жүк тасымалдау кезінде тарифтерді қолданудың құқықтық негіздерін
айқындайды.

2-бап

Осы Келісімді орындау жөніндегі құзыретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
м и н и с т р л і г і ;

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясы Көлік министрлігі.

3-бап

Ресей темір жолдарының станцияларынан қазақстандық темір жол станцияларына
бағытталатын жүктерді тасымалдау кезінде, сондай-ақ осы жүктер тасымалданған
меншікті (жалға алынған) вагондардың бос жүрісі кезінде қазақстандық темір жолдарда
Қазақстан Республикасында республикалық (облысаралық) қатынаста қолданылатын

тарифтер оларға Қазақстан және Ресей жүктері үшін тең жағдайларда айрықша тарифтік ставкаларды белгілеуді ескере отырып қолданылады.

4-бап

Қазақстандық темір жол станцияларынан Ресей темір жолдарының станцияларына бағытталатын жүктерді тасымалдау кезінде, сондай-ақ осы жүктер тасымалданған меншікті (жалға алынған) вагондардың бос жүрісі кезінде ресейлік темір жолдарда Ресей Федерациясында мемлекетішілік қатынаста қолданылатын тарифтер оларға Ресей және Қазақстан жүктері үшін тең жағдайларда айрықша тарифтік ставкаларды белгілеуді ескере отырып қолданылады.

5-бап

Тараптар 1996 жылғы 18 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің шешімімен келісілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігінде келісілген тарифтік саясат белгілеу тұжырымдамасына сәйкес қазақстандық және ресейлік тауар өндірушілер тауарларының үшінші мемлекеттер нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы темір жолдары арқылы транзитпен жүктерді тасымалдауларға қатысты үйлестірілген тарифтік саясатты жүргізеді.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты Тараптар арасындағы дауларды құзыретті органдар консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар өткен күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданылады.

_____ қаласында 2009 жылғы "___" _____ әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК